

8. Korean Cultural Centers. Korean Cultural and Information Service. [Электронный ресурс]. URL: <https://www.kocis.go.kr/eng/openinformation.do>

9. Корея заняла второе место в рейтинге мягкой силы на ЧМ-2022 в Катаре [Электронный ресурс]. URL: <https://russian.korea.net/NewsFocus/Culture/view?articleId=226206>

Әсемхан Н.Қ., Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, шет тілдер факультеті, КАП-41, студент

(Ғылыми жетекші – аударма теориясы және практикасы кафедрасының аға оқытушысы Махатова Н.М)

ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ АУДАРЫЛЫП ДУБЛЯЖДАЛҒАН МУЛЬТФИЛЬМДЕРДЕГІ ЕКІОЙЛЫ СӨЗ АУЫСУЛАРЫНЫҢ БАЛАМАСЫН ТАБА АЛМАУ – АУДАРМА ҚИЫНДЫҚТАРЫНЫҢ БІРІ

Қарқынды дамып жатқан анимациялық фильмдерге сұраныс аса үлкен екені бәрімізге мәлім. Басты сұраныс шет елден келген анимациялық туындыларға көзделген. Шет елдік мультфильмдерді аудару мен адаптация жасау басқа елдерде аяғын нық басқан сала екенін, тіпті кей елдердің ең ұтымды дубляж марапатын жеңіп жүргенін көріп жүрміз. Ал біздің елде бұл сала қаншалықты жақсы дамыған?

Осы уақытқа дейін қазақ тіліне аударылып, дубляждалған бар жоғы қырыққа жуық мультфильмдер бар. Кез-келген туындыны дубляждау аса бір шеберлікті талап етеді және бірнеше сатылардан тұрады. Аударма кезеңдері – белгілі бір мәтіннің аудармашысының әрекеттерімен сипатталатын аударма процесінің құрамдас бөліктері. В. Н. Комиссаров аударма процесін үш кезеңге бөледі, оның екеуі таза аударма және біреуі редакциялау кезеңі: мәтін арқылы шындықты түсіндіру; аударма инвариантын табу және оны аударма тілінде білдіру (іске асыру); функционалды стилін ескере отырып, жаңа сөйлеу туындысын құру, яғни мәтінді аударма тілінің нормаларына сәйкес редакциялау [1, 172].

Мультфильмді толық аударып, дубляжын жасап, дайын өнімді ұсынуға бір апта уақыт аралығы беріледі. Аудармаға көшпес бұрын аудармашы бастан-аяқ мультфильмді көріп шығады. Бұл – аудармашыға көрерменге мультфильмді көру барысында жеткізетін сюжет пен эмоционалдық тізбекті толық сезіну үшін қажет. Жаңадан басқа туынды жасап жатқандықтан, алдымен барлық сезімді өзі бастан кешіруі керек. Бұл саты орындалмаған жағдайда, аударманың ортасына келіп өзінің мүлдем басқа бағытқа кеткендігін ұғуы мүмкін. Кейіпкерлерді танып, өзіне керекті мәліметтерді түртіп алып, негізгі ойды түсініп және толық хикаяны көре алғанда ғана аудармашы өз жұмысын бастайды. Аудару барысында қай кезде қандай эмоционалды бояу енгізу керектігін, аударма мәтіннің кейіпкер аузына дәл түсуін қадағалайды. Яғни, аударма барысында аударған сөз кейіпкердің аузы ашылып жабылғанда байқалатын, буын бөлінулеріне дәл келуі қажет. Бұл дубляж саласында кездесетін қиындықтардың бірі болып табылады [2, 204].

Кез келген туындының өзінің көздеп, көрерменге жеткізгісі келген ойы болады. Көбінесе нақты осы ой мультфильмнің коммерциялық жетістігіне тікелей әсерін тигізеді. Оған: көпшілікке ортақ әзілдер, екі мағыналы сөздердің қолданылуы, кейіпкерлердің қандайда бір акцентпен сөйлеуі, қоғамдағы мәселердің қозғалуы, белгілі бір қалыптасып қалған бейнелерді жоюды жатқыза аламыз. Мультфильмді аудару барысында, жоғарыда айтылған тұстардың біреуінің ескерілмей кетуі жеткізуге тырысқан ойдың күшін азайтып, өнімнен түсетін табыс көлемін азайтуы мүмкін. Осындай жағдайды бастан кешпес үшін аудармашы өз ісінің білік маманы болуы аса маңызды фактор. Аударманы жүзеге асыру барысында, аударма трансформацияларын орынды қолдану маңызды. Аударма трансформациялары өте күрделі тіларалық операциялар болып табылады. А. Д. Швейцер «трансформация» термині аудармада метафоралық мағынада қолданылады деп санайды. Өйткені, бұл «бастапқы және соңғы лингвистикалық сөйлемдер арасындағы қатынас, сөйлемнің бір түрін екіншісіне аудару процесінде ауыстыру, біз бейнелі түрде өзгерту немесе трансформация деп атайтын ауыстыру» туралы деп тұжырымдайды [3, 117].

Зерттеу барысында мультфильмді аударудың келесі мәселелері анықталды: көзделген аудиториясы, психикалық және психологиялық ерекшеліктерін ескеру қажеттілігі; мәдени фоны бар сөздерді аудару мәселесі; әзілді түпнұсқадағыдай жеткізу мәселесі; әндер мен рифмалық

фрагменттерді аудару ерекшелігі; аудиовизуалды шығарманың екі негізгі компонентін байланыстыру қажеттілігі: визуалды және дыбыстық [4].

Осы аударма мәселелерін, нақтырақ айтқанда екі мағыналы сөз алмастыруларын практика жүзінде талдау үшін зерттеу нысаны ретінде Шрек мультфильмін қарастырдық. Шрек мультфильмінің қаншалықты колоритке толы екені, оның көпшілікке қалыптасып қалған ертегі кейіпкерлерінің бейнелерін еш аяусыздықпен жоюы, ол кейіпті көпшілікке мазақ қылуы, әзілді сөз орамдарын ұтымды қолдануы бұл мультфильмнің жетістікке жетуінің басты себептері. Осы себептердің бәрін сақтап қалу қазақ дубляжына қаншалықты қиын болғандығын, қазақша Шрек мультфильмін көру барысында байқай аламыз.

Сөз алмастыруларын аудару әр аудармашының бас ауруы десе қате айтпас едік. Сөз алмастыруларынан қиыны тек қана өлең аудару шығар. Шет елдік әзілдердің көбі осы сөз алмастыруларына негізделген, егерде оларды алып тастасақ, туынды өзінің қызықтылығы мен ерекшелігін жоғалтып алады. Қазақ тілінің сөздігінде айтылғандай, сөз алмасулары – омонимдерді немесе бір сөздің әртүрлі мағыналарын қолдануға негізделген әзіл. Әрбір лексемада мәндердің тұтас шоғыры бар, олар көбінесе түрлі мағынаға ие.

Мына көрініске көз жүгіртсек бұл сөз алмастыруын нақты көре аламыз:

Түпнұсқа	Аударма
<p><i>-Men of Farquaad's stature are in short supply.</i></p> <p><i>-There are those who think little of him.</i></p> <p><i>- You're just jealous you can never measure up to a great ruler like Lord Farquaad.</i></p> <p><i>- But I'll let you do the "measuring" when you see him tomorrow.</i></p>	<p><i>- Фарқуад сияқты адамдарды қортық деп атайды.</i></p> <p><i>- Әдетте бойы бір қарыс, мыртық дейді.</i></p> <p><i>- Өздерің ешқашан Лорд Фарқуад сияқты ұлы билеуші бола алмайтын болғансоң, қызғанышпен айтып тұрсыңдар.</i></p> <p><i>- Солай ма, жоқ па ертен өзімен кездескен соң айта жатарсың.</i></p>

Бұл сахнада Фиона Шрек пен есектен Лорд Фаркуадты сипаттап беруін сұрайды. Өзіміз білетіндей Лорд Фаркуадтың бойы айтарлықтай кішкентай, өте кішкентай. Осы тұста Шрек соны меңзей «short supply» сөз тіркесін қолданады. Ағылшын тілінен қазақ тіліне аударғанда бұл сөз «қол жетімсіз» немесе «алтындай» деген мағына береді. Яғни, оған бірнәрсе жетіспейтінін әзілдеп айтады. Бұл мысқылын Фиона түсінбегенімен, Есек бірден түсініп: «think little of him» сөзін қолданады, яғни, басқалар ол жайлы жоғары ойламайды деген мағынада жеткізеді. Осы сахнаның бар қызығы да осында – жасырын мағына. Осы сәтте нені меңзеп тұрғандарын түсінбеген Фиона «measure up» етістігін қолдана отырып, жауап катады. Яғни, онымен бір қатарда тұра алмайсыңдар деген мағынада қолданады. Әрине, Фаркуадтың бойы жайлы емес дәрежесі жайлы айтқанын Шрек түсінгенімен өзі тырнақшаға «measuring» сөзін алып, ертең өзің өлшеп көр дейді. Ал осы астарлы әзіл аударма мәтінде мүлдем сақталмаған және сезілмейді де. Төменде мүмкін ұтымды болар нұсқаны ұсынамыз:

Түпнұсқа	Мүмкін болатын аударма
<p><i>-Men of Farquaad's stature are in short supply.</i></p> <p><i>-There are those who think little of him.</i></p> <p><i>- You're just jealous you can never measure up to a great ruler like Lord Farquaad.</i></p> <p><i>- But I'll let you do the "measuring" when you see him tomorrow.</i></p>	<p><i>- Фарқуадтай адамдар қол жетімсіз ғой</i></p> <p><i>- Кейбіреулері оны төмен ойлы адам дейді.</i></p> <p><i>- Сендер Лорд Фаркуадтың дәрежесіне жете алмағаннан кейін, қызғанышпен мазақ қылып тұрсыңдар.</i></p> <p><i>- Ертең кездескенде оның дәрежесін өзің көре жатарсың.</i></p>

Омонимдық сөз алмасуын келесі көріністен көре аламыз:

Түпнұсқа	Аударма
<p><i>Then why don't we pop in there for a spell? Ha-ha! Spell!</i></p>	<p><i>Ендеше барып бір-бір шыныаяқ сиқыр судан ішпедік не!</i></p>

Бұл тұста Шректің есекке айтқан сөзін тура аударатын болсақ «Ендеше неге аз уақытқа кіріп шықпасақ» деп сұрап «spell» сөзін қайтара айтып күледі. Неліктен? Себебі «spell» сөзі екі түрлі мағынаны беріп тұр. Яғни, бірінші мағынасы «for a spell-кіріп-шығу» деген мағынаны білдірсе, екінші мағынасы «spell - сиқыр» сөзін білдіреді. Егер сахнаны еске түсіретін болсақ Шрек, мысық және есек Фионаның Пері апайының жеке-жайы болып табылатын патшалықтағы ең ірі сиқыр-су

дайындайтын қамалға қарап осы сөздерді айтады. Яғни, қамал ішіне кіріп-шығуға және сиқыр-судан ішуге де болады. Осы тұста қазақша дубляжда не үшін Шрек пен мысықтың мысқылдап күлгендері көрерменге аса қатты түсінікті емес болып көрінері анық. Сөз алмасуы дубляжда өз күшін жойып алды.

Тағы бір сөз алмасу әзілі айқын көрінген тұсты талдап өтсек:

Түпнұсқа	Аударма	Нұсқа
<i>He croaked.</i>	<i>Шаруасы бітті.</i>	<i>Бақилық болды</i>

Бұл көріністе Патша Шректі қорғау ниетімен перінің сиқырына қарсы тұрамын деп, өзін өлімге қиюға дейін барады. Сиқырдың әсерінен Патша жоқ болып кетеді де, орнында тек темір сауыты қалып қалады. Кейіпкерлер үнсіздікте тұрғанда темір сауыттан бақаның дыбысы шығады осы сәтте Пинокио «He croaked» сөзін қолданады. Oxford dictionary-на сүйенсек, бұл сөз екі мағынаны білдіреді: біріншісі «croak - to make a rough low sound, like the sound a frog makes», яғни бақаның дыбысын шығару және екінші мағына «croak-(slang) to die», яғни қайтыс болу [5]. Нақтырақ айтқанда, Пинокио біз көріністе естіп тұрған дыбыс пен патша өлді деген ойды бір сөзбен жеткізіп тұр. Ал, қазақша дубляжда бұл сөз орамының иісі де шықпайды. Мүмкін болатын нұсқа ретінде «Бақилық болу» сөз тіркесін қолдануға да болады, әрине бұл сөз екі мағыналы сөзге жатпаса да, түбірі бастапқыда көзделген идеяға жақын.

Тіпті қарапайым «Prince Charming – Чарминг Ханзаданың» өзі осы сөз алмастырудың көрінісі емес пе? Мультфильмді көрген көрермен бұл тек ақ боз атты ханзада емес, нағыз адамның есімі екенінен хабардар. Осы есімге орай бірнеше әзілдер, жасырын ойлар кездескен болатын. Солардың бірі мына сахна:

Түпнұсқа	Аударма	Нұсқа
<i>KING Charming?</i> <i>CHARMING (showing off outfit) Do you think so?</i>	<i>Чарминг?</i> <i>Ұқсап тұрмын ба?</i>	<i>Сұлу?</i> <i>Сұлумын ба?</i>

Бұл жерде Патша Ханзаданың есімін айтқанда, Ханзада өзіне мақтау айтып жатқандай кейіп танытады. «Charming – сүйкімді» мағынасын береді. Сюжет бойынша ол Фионаны Шректін деп алдағанын жасырғысы келген болатын. Негізінен аудармашылар басында «Чарминг ханзада» есімін «Аққұба ханзада» мен «Көркем ханзада» деген аударма нұсқаларын қолданған. Дегенмен, ханзада атын транслитерация әдісі арқылы аудару дұрыс шешім болмады деген ойдамыз. Дегенменде де, Сұлу есімі қазақтарда бар, ал оның көбіне қызға қойылуы тіптен жақсы. Себебі, тура түпнұсқадағыдай екі мағыналы сөзге айналады. Біріншісі әдемі, екіншісі қыз сияқты нәзік, яғни мінезін сипаттар еді.

Келесі сөз алмасу түпнұсқада кейіпкердің мінезін ашып тұрса, аудармада бұл еленбеген.

Түпнұсқа	Аударма
<i>Yeah, right, brimstone. Don't be talking about it's the brimstone. I know what I smell. It wasn't no brimstone. It didn't come off no stone neither.</i>	<i>Иә, әрине бұл күкірт. Күкіртпе, әлде басқа ма, мен де иісті ажырата білемін. Жаңағы иіс мүлде күкіртке ұқсамайды. Қайдағы жоқты айтпашы енді.</i>

Бұл жерде түпнұсқадан есектің «brimstone» сөзінің мағынасын түсінбегендігін байқаймыз. Яғни, бұл есектің сәл білімсіздігін көрсетеді, оны есектің түпнұсқада сөйлемдері құру қателіктерінен де байқай аламыз. Есек «brimstone» сөзінің мағынасын тастың артынан шыққан иіс деп қабылдаса, негізі Шрек бұл күкірт, яғни күкірт иісі деген тура мағынада қолданған. Дубляжда есектің кейіпін сипаттайтын көрініс өз мағынасын жоғалтқан.

Қорытындылай келе, бұл атап өткен тұстарды түпнұсқаны көрмеген көрермендер байқай қоймасы анық. Біздің басты мақсат жай ғана қазақшаға аудару емес, барынша түпнұсқадағы атмосфераны көрерменге жеткізу емес пе? Ал бұл атмосфераны жай аудармамен, сөз орамдарын аттап өтіп, елемеу арқылы жеткізе алмайтындығымыз анық. Алайда, көп жағдайда аударылған фильмнің түпнұсқа мағынасы мен барлық мәдени ерекшеліктерін толық жеткізу жоғарыда аталған проблемалар мен қиындықтарға байланысты мүмкін емес. Бұл дегеніміз, көбінесе біз аудармада көретін мультфильм бастапқыда ойластырылған туындының жүз пайыздық көшірмесі емес.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Комиссаров В.Н. Теория перевода (лингвистические аспекты): Учеб. для ин-тов и фак. иностр. яз. – М.: Высш. шк., 1990. – 253 с.
2. Снеткова, М.С. Лингвостилистические аспекты перевода испанских кинотекстов / М.С. Снеткова. – М. : МГУ, 2009 232 с.

3. Швейцер А.Д. Теория перевода (статус, проблемы, аспекты). – М.: Наука, 1988. – 215 с.
4. Как переводят фильмы, игры и сериалы
5. https://www.oxfordlearnersdictionaries.com/definition/english/croak_1?q=croak
6. Шрек қазақша нұсқа
7. Шрек 1-2-3-4 түпнұсқа

Бахыт А., Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, филология факультеті, МКЯЛ-61, магистрант
(*Ғылыми жетекші – филол.ғыл.докторы, профессор Жарылғанов Ж.Ж.*)

БАҚЫТЖАН МАЙТАНОВ – ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ

Әрбір ғылымның сәтті дамуына, жетілуіне, нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін берік теориялық негізі болуы керек. Егер теория жалған болса, онда ол мүмкін болмайды. Грек тілінен аударғанда "теория" термині "байқау", "зерттеу" дегенді білдіреді.

Әдебиет теориясы (немесе оның қарапайым презентациясы – "Әдебиеттануға кіріспе") – нақты әдеби фактілерден алшақтатылған ең дерексіз ілім, тек жалпылаулардан тұрады және әдіснамалық ғылымға жатады.

Көркем ойлаудың тарихи және эстетикалық қалыптасқан түрлерін зерттей отырып, теория өзінің типологиясын дамытады, әдебиетке қатысты жалпы ұғымдарды (категорияларды), атап айтқанда, верификация, проза, романтизм, реализм және тағы басқалар туралы анықтайды және түсіндіреді, сюжеттің категорияларын, композицияларды, әдеби кейіпкерлерін түсіндіреді, көркем әдебиеттің мақсаты мен оның таным функцияларын қарастырады, әдебиеттің ең кең және жалпы мәселелерін зерттейді.

Әдебиет теориясы үш негізгі бөлімді қамтиды.

I. Танымдық іс-әрекет әдісі ретінде әдебиет туралы ілім.

Бұл ғылым әдебиет философиясының бір түрі, қоғамдық сананың ерекше түрі (бұл жағдайда сана мен танымдық белсенділік синоним ретінде қарастырылады).

II. Шығарма туралы, оның құрылымы мен құрамы туралы ілім (жалпы поэтика және теориялық поэтика).

III. Әдеби процесс, әде

биеттің негізгі формалары, оның тарихи эволюциясының заңдылықтары туралы ілім.

Кейде бұл бөлім тарихи-әдеби процесс туралы ілім деп аталады.

Осылайша, әдебиет теориясы нақты емес, дерексіз сипатта ерекшеленеді. Мұнда әр әдеби субъект (жалпы әдебиеттен бастап кез-келген әдебиетке дейін) осы құбылыстың белгілі бір жазушының көркемдік тәжірибесінде, белгілі бір шығармада қалай көрінетініне қарамастан, жалпы түрде қабылданады.

Б.Майтановтың кітаптары мен зерттеулері олардың авторы баяндаудың психологизмі мен драматизмі мәселелеріне бет бұрған кезде тереңірек әрі тартымды бола түседі. Қарастырылатын зерттеу нысаны кеңейе түсті – З. Шашкиннің "Тоқаш Бокин", Х. Есенжановтың "Яик – жарқын өзен" туындылары, А.Нұрпейісовтің "Қан мен тер" трилогиясы, М. Қаратаевтың "Даладағы мүйіз" романы, С. Сейфуллиннің, С. Мұқановтың, А. Нұрпейісовтің, А. Нұрмановтың және т. б. жазушылардың романдары мен повестері. Кәсіби әдебиеттанушы жұмыс құрылымындағы жағымды сәттерді ғана емес, кемшіліктерді де байқайды. Бұл күрделі өмірлік сәттерді сипаттаудағы фрагментация элементтері болып келеді, ол З. Шашкиннің "Тоқаш Бокин" шығармашылығында жалпы баяндау канвасында теріс салдарға әкеледі. Ресейлік зерттеушілер Тарихи-революцияға дейінгі және тарихи жанрдағы шығармаларды ғылыми айналымға сирек енгізсе де, қазақ әдебиеттануы өзінің тарихына және тарихи процестің барысын баяндайтын шығармаларға аса мұқият қарайды. "Халық-азаттық қозғалысының және XX ғасырдағы Ақпан, Қазан төңкерістерінің оқиғалары біз үшін идеологиялық алыпсатарлықтың негізі емес, тек ғылым жоққа шығара алмайтын факт" – деп айтқан Б.Майтанов [1, 7].

Б.Майтанов А. Нұрпейісовтің "Қан мен тер" трилогиясының өзіндік ерекшелігін байқайды, автор кейіпкерлердің логикалық дамуына шешуші әсер етпей, ең күрделі және маңызды психологиялық сәттерде әртүрлі өмірлік құбылыстарға нәзік баға береді.

Қазақ романының материалдары негізінде көркем шығарманың пәндік-бейнелеу жүйесінің қызмет ету аспектісіндегі психологизм мәселесі Б.Майтановтың "Көркем әдебиеттегі